

Атырау облысы бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 355 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 желтоқсанда № 2651 тіркелді . Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 238 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2013.06.21 № 238 қаулысымен .

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес Атырау облысы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р :

1) "Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (1-қосымша);

2) "Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (2-қосымша);

3) "Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (3-қосымша);

4) "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (4-қосымша);

5) "18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (5-қосымша);

6) "Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесіліген растайтын анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (6-қосымша);

7) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (7-қосымша);

8) "Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдама беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (8-қосымша)

б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.М. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының 1-тармағының 7) тармақшасы 2012 жылғы 9 қарашадан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

<i>Облыс әкімі</i>		<i>Б.Ізмұхамбетов</i>			
Атырау	облысы	әкімдігінің			
2012	жылғы	16	қарашадағы	№	355
қаулысына 1-қосымша					
Атырау	облысы	әкімдігінің			
2012	жылғы	16	қарашадағы	№	355
қаулысымен бекітілген					

"Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар қолданылады:

1) уәкілетті орган – аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;

2) тұтынушы – жеке тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға (бұдан әрі – тұтынушылар):

жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің әлеуметтік қызметін ұсынуға медициналық көрсетілімдердің негізінде; естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметін ұсынуға медициналық көрсетілімдердің негізінде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайларының тізбесі осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органмен көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған

4. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 21-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің және естімейтіндігі бойынша мүгедектер үшін жылына отыз сағат ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін көрсету ережесі және "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің өтініш беруші алатын нәтижесі, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметін және естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін беру үшін мүгедектердің құжаттарын ресімдеу туралы хабарлама не қағаз жеткізгіште қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің <http://www.enbek.gov.kz> интернет-ресурсында, уәкілетті органдардың стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызмет тұтынушының тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органның үй-жайында көрсетіледі. Уәкілетті органның үй-жайлары қажетті құжаттарды дайындау үшін орындықтармен (отырғыштармен) және үстелдермен жабдықталған, ақпараттық стенділермен жарақталған, күту залы болады сондай-ақ үй-жайларда мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген.

Уәкілетті органның үй-жайлары санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ғимараттардың қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді, күзет және өртке қарсы дабылмен жарақтандырылған.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері тұтынушы осы Регламенттің 14-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – он жұмыс күні ішінде;

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты бір тұтынушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты 15 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай:

1) тұтынушының бойында жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметін және естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін беруге қарсы медициналық көрсетілімдер болған;

2) аталған мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмаған, құжаттарды ресімдеуде қателіктер табылған;

3) ұсынылған мәліметтер мен құжаттар дұрыс болмаған негіздемелер бойынша бас тартылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

11. Тұтынушыдан мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішті алған сәттен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін тапсырған сәтке дейін мемлекеттік қызметті көрсету кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;

2) уәкілетті орган өтінішті тіркейді, тұтынушыдан ұсынылған құжаттарды қарастыруды жүзеге асырады, хабарламаны ресімдейді немесе бас тарту туралы уәждеденген жауапты, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін тұтынушыға тапсырады.

12. Уәкілетті органдағы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалар санының ең төмен саны бір қызметкерді құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Тұтынушы қажетті құжаттардың барлығын уәкілетті органға тапсырғаннан кейін тіркелген және тұтынушының мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметін және естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін беру үшін құжаттарды ресімдеу (ресімдеуден бас тарту) туралы хабарламаны беру және жеткізу тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға тұтынушының өзі келгенде, сондай-ақ пошталық хабарлама арқылы жүзеге асырылады.

14. Тұтынушы мемлекеттік қызмет алу үшін:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін, әлеуметтік жеке кодының нөмірін (болса жеке сәйкестендіру нөмірін) көрсете отырып, белгіленген үлгідегі өтінішті;

- 2) мүгедектің жеке оңалту бағдарламасынан үзінді көшірмені;
- 3) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжатты көшірмесі;
- 4) мүгедектігі туралы анықтаманы ұсынады.

Құжаттардың көшірмелері мен салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары беріледі, кейін құжаттардың түпнұсқалары тұтынушыға қайтарылады.

Өзінің келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда мүгедек жеке көмекшінің қызметін, ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметін беру туралы өтінішпен баруға нотариалдық куәландыруды талап етпейтін сенімхат негізінде басқа адамдарға уәкілеттік бере алады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі – ҚФБ):

- 1) уәкілетті органның басшылығы;
- 2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

16. Әр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) кезектілігі мен өзара әрекет етуінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттің қисынды кезектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айғақтайтын сызба осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды адам) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызметті көрсетуді жүзеге асыруға жауапты.

5. Жұмыс қағидаттары

19. Лауазымды адамның қызметі Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында көзделген адамның конституциялық құқықтарының сақталуына негізделеді және заңдылық, сыпайылық, толыққанды ақпараттың берілуін, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, қызметтік міндетіне адал қарамағаны үшін жауапты болу қағидаттарында жүзеге асырылады.

6. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымды дайындауға жәрдемдесетін мемлекеттік органның атауы, олардың заңды мекен-жайлары, телефон нөмірлері, электронды поштасының мекен-жайлары осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

21. Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда шағым аталған мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жауапты, Атырау облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығы атына беріледі. Жұмыс кестесі: демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, 13-00-ден 14-00-ге дейінгі түскі үзіліспен, күн сайын 9-00-ден бастап 18-00-ге дейін, электронды пошта atyrau@enbek.kz, тел: / 87122/32-22-28, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 31А мекен-жайында о р н а л а с қ а н .

22. Қызмет дәрекі көрсетілген жағдайларда шағым кабинет нөмірі уәкілетті органның стендісінде көрсетілген, уәкілетті органның жұмыс кестесі мен электронды пошта мекен-жайлары осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген лауазымды адамның атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге мүмкін.

24. Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекен-жайы көрсетіледі. Шағымға тұтынушының қолы қойылуға тиіс. Шағым берілгенде қызметіне шағым жасалатын органның атауы немесе лауазымды адам, өтініш беру және талап ету себептері көрсетіледі.

25. Жазбаша шағым берген тұтынушыға берілген шағымға жауап алуға болатын күні және уақыты, шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

"Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша уәкілетті органдардың тізбесі

Р/с №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасқан заңды мекен-жайы (қала, аудан, көше, үйдің (пәтердің) №, электронды поштаның мекен-жайы)	Телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5

1	Атырау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Атырау қаласы, Шәріпов көшесі, 4 zanayt@mail.ru	8-7122 45-02 -00 45-04-67 45-04-68	Демалыс және мер күндерін қоспағ аптасына бес күн сағат бастап 18-00 дейін, т үзіліс сағат 13-00 баст -00 дейін
2	Жылыой ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов көшесі, 1 zhylyoi-zhumyskz@mail.ru	8-71237 4-86 -95 4-84-07	
3	Индер ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Индер ауданы, Индербор кенті, Қонаев көшесі, 16 inderzan@mail.ru	8-71234 2-14 -60 2-04-76	
4	Исатай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Ынтымақ көшесі, 23 isatai_raisobes@mail.kz	8-71231 2-06 -42 2-05-65	
1	2	3	4	5
5	Қызылқоға ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Мәмедов көшесі, 1 gulfaruz@mail.ru	8-71238 2-15 -43 2-19-812- 12-29	Демалыс және мер күндерін қоспағанд аптасына бес күн сағат бастап 18-00 дейін, т үзіліс сағат 13-00 баста 00 дейін
6	Құрманғазы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Құрманғазы ауданы, Ганюшкин ауылы, Болашақ көшесі, 15 otdzisp@mail.ru	8-71233 2-51 -45 2-53-87	
7	Мақат ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Мақат ауданы, Мақат кенті, Орталық алаң, 2 tolkin_makat@mail.ru	8-71239 3-02 -98 3-20-99 3 -01-46	
8	Махамбет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Жеңістің 50 жылдығы Көшесі, 18 Mahambet_Zan@mail.ru	8-71236 2-12 -98 2-19-93 2 -18-25	

"Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

Әр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) кезектілігі мен өзара әрекет етуінің мәтіндік-кестелік сипаттамасы

1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеті			
Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3
	Уәкілетті органның		

ҚФБ атауы	жауапты орындаушысы	Уәкілетті органның басшылығы	Уәкілетті органның орындаушысы	жауап
Әрекеттің (үрдістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді асыру, бас тарту туралы уәждемелер жауап әзірлеу немесе хабарлама ресімдеу	
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ететін шешім)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама қою, жауапты орындаушыға жіберу	Құжаттарды басшылыққа тапсыру	
Орындау мерзімдері	15 минут	15 минут	Он жұмыс күні ішінде	
Келесі әрекеттің нөмірі	1	2	3	

КЕСТЕНІҢ ЖАЛҒАСЫ:

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеті				
Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	4		5	
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшылығы	Уәкілетті органның жауап	Уәкілетті органның орындаушысы	
Әрекеттің (үрдістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хат-хабармен танысу	Хабарламаны кітабы тіркеу, бас тарту туралы уәждемеленген жауапты немесе хабарламаны тұтынушыға тапсыру		
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ететін шешім)	Құжатқа қол қою	Хабарламаны немесе бас тартуды тұтынушыға тапсыру	дәл	
Орындау мерзімдері	15 минут	Бір жұмыс күні ішінде		
Келесі әрекеттің нөмірі	4		5	

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс.

1 ҚФБ Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	2 ҚФБ Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 әрекет. Құжаттар қабылдау, қолхат (талон) беру, өтінішті тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 2 әрекет. Орындау үшін жауапты орындаушы анықтау, бұрыштама қою
№ 3 әрекет. Өтінішті қарастыру, хабарламаны дайындау	№ 4 әрекет. Хабарламаға қол қою
№ 5 әрекет. Хабарламаны кітабында тіркеу	
№ 6 әрекет. Хабарламаны тұтынушыға тапсыру	

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс.

1 ҚФБ. Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	2 Қ Ф Б . Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 әрекет. Құжаттар қабылдау, қолхат (талон) беру, өтінішті тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 2 әрекет. Орындау үшін жауапты орындаушы анықтау, бұрыштама қою
№ 3 әрекет. Өтінішті қарастыру, бас тарту туралы уәждеделген жауапты дайындау	№ 4 әрекет. Бас тарту туралы уәждеделген жауапқа қою
№ 5 әрекет. Бас тарту туралы уәждеделген жауапты тұтынушыға тапсыру	

"Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

Функционалдық өзара іс-қимыл схемсы

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі		
1 ҚФБ	2 ҚФБ	1 ҚФБ
<p>Өтінішті қабылдайды, өтінішті органның жолдайды</p> <p>тұтынушыдан тіркейді, уәкілетті басшылығына</p>	<p>Құжаттарды қарау үшін орындаушыны анықтайды</p> <p>Хабарлама немесе бас тарту туралы уәждеделген жауапқа қояды</p>	<p>Құжаттарды қарайды, хабарлама немесе бас тарту туралы уәждеделген жауап әзірлейді</p>
<p>Мемлекеттік қызмет қызметтің нәтижесін тұтынушыға береді</p>		

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 355 қаулысына 2-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 қарашадағы № 355 қаулысымен бекітілген

"Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттары ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар қолданылады:

1) уәкілетті орган – аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;

2) тұтынушы – жеке тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтары, мүгедек болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ жеке кәсіпкер – жұмыс беруші қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатынан немесе кәсіби науқастан болған мүгедектер.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайларының тізбесі осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органмен көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған

4. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 22-бабы 1-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Мүгедектерді арнаулы жүріп-түру құралдарымен қамтамасыз ету ережесі және "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысы негізінде ұсынылады.

6. Өтініш беруші алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі кресло-арба беру үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіште дәлелді жауап болып табылады.

Мүгедектердің өтініштері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшесі әзірлеген мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы кресло-арбаға қажеттілікті, олардың тізбесі мен санын көрсете отырып айқындайды және Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасына сәйкес оларды сатып алуды жүргізеді.

Кресло-арбаларды беру мүгедектің тегі, аты, әкесінің аты, зейнеткерлік

куәлігінің нөмірі, туған күні, тұрғылықты жері, алған кресло-арбаның атауы, алған күні, алуудағы белгілер көрсетіле отырып, тізім бойынша уәкілетті органдармен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің <http://www.enbek.gov.kz> интернет-ресурсында, уәкілетті органдардың стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызмет тұтынушының тұрғылықты жеріндегі уәкілетті органның үй-жайында көрсетіледі. Уәкілетті органның үй-жайы қажетті құжаттарды даярлау үшін орындықтармен (отырғыштармен) және үстелдермен жабдықталған, ақпараттық стенділермен жарактандырылған, күту залы бар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдай к о з д е л г е н .

Уәкілетті органның үй-жайлары санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ғимараттардың қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді, күзет және өртке қарсы да б ы л м е н ж а р а қ т а н д ы р ы л ғ а н .

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері тұтынушы осы Регламенттің 14-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған кезден бастап он жұмыс к ү н і і ш і н д е ;

2) тұтынушы өтініш білдірген күнгі көрсетілетін орында мемлекеттік қызметті алғанға дейінгі күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты бір тұтынушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына б а й л а н ы с т ы б о л а д ы ;

3) тұтынушы өтініш білдірген күнгі орнында мемлекеттік қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты – 15 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша:

1) тұтынушының мүгедектердің кресло-арбалармен қамтамасыз етілуіне қарсы медициналық көрсетілімдері болғанда;

2) аталған мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттардың біреуі болмаған, құжаттарды ресімделуінде қате анықталған кезде;

3) жалған мәліметтер мен құжаттар ұсынылғанда бас тартылады. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

11. Тұтынушыдан мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішті алған сәттен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін тапсырған сәтке дейін мемлекеттік қызметті к о р с е т у к е з е н д е р і :

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;
2) уәкілетті орган өтінішті тіркейді, тұтынушыдан ұсынылған құжаттарды қарастыруды жүзеге асырады, хабарламаны ресімдейді немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты әзірлейді мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тұтынушыға т а п с ы р а д ы .

12. Уәкілетті органдағы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалар санының ең төмен саны бір қызметкерді құрайды.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету барысындағы іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Тұтынушы уәкілетті органда барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін мемлекеттік қызметке тұтынушының тіркелген және алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Кресло-арба алуға құжаттарды ресімдеу (ресімдеуден бас тарту) туралы хабарламаны беру және жеткізуді тұтынушының тұрғылықты жеріндегі уәкілетті органға жеке өзінің баруы арқылы не почта байланысы арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін көрсете отырып, белгіленген үлгідегі өтінішті, әлеуметтік жеке кодының нөмірін (жеке сәйкестендіру нөмірі болғанда);

2) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасын;

3) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедек болғандар үшін – жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін және жұмыс берушінің – жеке кәсіпкердің қызметінің тоқтатылуы немесе заңды тұлғаның таратылуы туралы құжатты ұсынады.

Мүгедектің өзінің баруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, нотариалды куәландыруды талап етпейтін сенімхат негізінде кресло-арба беруге өтініш жасауға басқа адамдарға уәкілеттік бере алады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі – ҚФБ):

1) уәкілетті органның басшылығы;

2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

16. Әр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) кезектілігі мен өзара әрекет етуінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттің қисынды кезектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айғақтайтын сызба осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды адам) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызметті көрсетуді жүзеге асыруға жауапты.

5. Жұмыс қағидаттары

19. Лауазымды адамның қызметі Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында көзделген адамның конституциялық құқықтарының сақталуына негізделеді және заңдылық, сыпайылық, толыққанды ақпараттың берілуін, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, қызметтік міндетіне адал қарамағаны үшін жауапты болу қағидаттарында жүзеге асырылады.

6. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымды дайындауға жәрдемдесетін мемлекеттік органның атауы, олардың заңды мекен-жайлары, телефон нөмірлері, электронды поштасының мекен-жайлары осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

21. Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда шағым аталған мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жауапты, Атырау облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығы атына беріледі. Жұмыс кестесі: демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, 13-00-ден 14-00-ге дейінгі түскі үзіліспен, күн сайын 9-00-ден бастап 18-00-ге дейін, электронды пошта atyrau@enbek.kz, тел: / 87122/32-22-28 Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 31А мекен-жайында
о р н а л а с қ а н .

22. Қызмет дөрекі көрсетілген жағдайларда шағым кабинет нөмірі уәкілетті органның стендісінде көрсетілген, уәкілетті органның жұмыс кестесі мен электронды пошта мекен-жайлары осы Регламентке 1-қосымшада көрсетілген, лауазымды адамның атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге мүмкін.

24. Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекен-жайы көрсетіледі. Шағымға тұтынушының қолы қойылуға тиіс. Шағым берілгенде қызметіне шағым жасалатын органның атауы немесе лауазымды адам, өтініш беру және талап ету себептері көрсетіледі.

25. Жазбаша шағым берген тұтынушыға берілген шағымға жауап алуға болатын күні және уақыты, шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

"Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша уәкілетті органдардың тізбесі

P/c №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасқан заңды мекен-жайы (қала, аудан, көше, үйдің (пәтердің) №, электронды поштаның мекен-жайы)	Телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1	Атырау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Атырау қаласы, Шәріпов көшесі, 4 zanayt@mail.ru	8-7122 45-02 -00 45-04-67 45-04-68	Демалыс және мер күндерін қоспағ аптасына бес күн сағат бастап 18-00 дейін, т үзіліс сағат 13-00 баст -00 дейін
2	Жылыой ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов көшесі, 1 zhylyoi-zhumyskz@mail.ru	8-71237 4-86 -95 4-84-07	
3	Индер ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Индер ауданы, Индербор кенті, Қонаев көшесі, 16 inderzan@mail.ru	8-71234 2-14 -60 2-04-76	
4	Исатай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, БІнтымақ көшесі, 23 isatai_raisobes@mail.kz	8-71231 2-06 -42 2-05-65	
1	2	3	4	5
5	Қызылқоға ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Мәмедов көшесі, 1 gulfaruz@mail.ru	8-71238 2-15 -43 2-19-812- 12-29	Демалыс және мер күндерін қоспағанд аптасына бес күн сағат бастап 18-00 дейін, т
6	Құрманғазы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Құрманғазы ауданы, Ганюшкин ауылы, Болашақ көшесі, 15 otdzisp@mail.ru	8-71233 2-51 -45 2-53-87	

7	Мақат ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Мақат ауданы, Мақат кенті, Орталық алаң, 2 tolkin_makat@mail.ru	8-71239 3-02 -98 3-20-99 3 -01-46	үзіліс сағат 13-00 баста 00 дейін
8	Махамбет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Жеңістің 50 жылдығы Көшесі, 18 Mahambet_Zan@mail.ru	8-71236 2-12 -98 2-19-93 2 -18-25	

"Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

Әр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) кезектілігі мен өзара әрекет етуінің мәтіндік-кестелік сипаттамасы
1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеті			
Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	Уәкілетті органның басшылығы	Уәкілетті органның орындаушысы жауап
Әрекеттің (үрдістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді асыру, бас тарту туралы уәждем жауап әзірлеу негізінде хабарлама ресімдеу
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ететін шешім)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама қою, жауапты орындаушыға жіберу	Құжаттарды басшылыққа тапсыру
Орындау мерзімдері	15 минут	15 минут	Он жұмыс күні ішінде
Келесі әрекеттің нөмірі	1	2	3

КЕСТЕНІҢ ЖАЛҒАСЫ:

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеті			
Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	4	5	
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшылығы	Уәкілетті органның орындаушысы	жауап
Әрекеттің (үрдістің, рәсімдердің, операцияның) атауы			

және сипаттамасы	олардың	Хат-хабармен танысу	Хабарламаны кітабы тіркеу, бас тарту туралы уәжелген жауапты негізгі хабарламаны тұтынушыға тапсыру
Аяқталу (деректер, ұйымдық-басшылық шешім)	нысаны құжат, ететін	Құжатқа қол қою	Хабарламаны немесе дәл бас тартуды тұтынушыға тапсыру
Орындау мерзімдері		15 минут	Бір жұмыс күні ішінде
Келесі нөмірі	әрекеттің	4	5

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс.

1 ҚФБ Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	2 ҚФБ Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 әрекет. Құжаттар қабылдау, қолхат (талон) беру, өтінішті тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 2 әрекет. Орындау үшін жауапты орындаушы анықтау, бұрыштама қою
№ 3 әрекет. Өтінішті қарастыру, хабарламаны дайындау	№ 4 әрекет. Хабарламаға қол қою
№ 5 әрекет. Хабарламаны кітабында тіркеу	
№ 6 әрекет. Хабарламаны тұтынушыға тапсыру	

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс.

1 Қ Ф Б Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	2 Қ Ф Б Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 әрекет. Құжаттар қабылдау, қолхат (талон) беру, өтінішті тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 2 әрекет. Орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою
№ 3 әрекет. Өтінішті қарастыру, бас тарту туралы уәжелген жауапты дайындау	№ 4 әрекет. Бас тарту туралы уәжелген жауапқа қол қою
№ 5 әрекет. Бас тарту туралы уәжелген жауапты тұтынушыға тапсыру	

"Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

Функционалдық өзара іс-қимыл схемасы

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі		
1 ҚФБ	2 ҚФБ	1 ҚФБ

Өтінішті қабылдайды, өтінішті органның жолдайды	тұтынушыдан тіркейді, уәкілетті басшылығына	Құжаттарды қарау үшін орындаушыны анықтайды	Құжаттарды қарайды, хабарлама немесе бас та туралы уәждеделген жауап әзірлейді
Мемлекеттік қызмет қызметтің нәтижесін тұтынушыға береді		Хабарлама немесе бас тарту туралы уәждеделген жауапқа қол қояды	

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2012 жылғы 16 қарашадағы № 355
қаулысына 3-қосымша
А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2012 жылғы 16 қарашадағы № 355
қаулысымен бекітілген

"Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) уәкілетті орган – аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;
- 2) тұтынушы – жеке тұлғалар: мүгедек және мүгедек бала болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайларының тізбесі осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органмен көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған

4. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 20-бабы 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Мүгедектерге және мүгедек балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну ережесі және "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысы негізінде ұсынылады.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі өтініш берушіге санаторийлік-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін құжаттарын ресімдеу туралы хабарлама не қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген қағаз жеткізгіштегі жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің <http://www.enbek.gov.kz> интернет-ресурсында, уәкілетті органдардың стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызмет тұтынушының тұрғылықты жеріндегі уәкілетті органның үй-жайында көрсетіледі. Уәкілетті органның үй-жайы қажетті құжаттарды даярлау үшін орындықтармен (отырғыштармен) және үстелдермен жабдықталған, ақпараттық стенділермен жарактандырылған, күту залы бар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдай көзделген.

Уәкілетті органның үй-жайлары санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ғимараттардың қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді, күзет және өртке қарсы дабылмен жарактандырылған.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері тұтынушы осы Регламенттің 14-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты бір тұтынушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты 15 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай:

1) тұтынушыны санаторийлік-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге қарсы медициналық көрсетілімдер болған;

2) аталған мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмаған, құжаттарды ресімдеуде қателіктер табылған;

3) ұсынылған мәліметтер мен құжаттар дұрыс болмаған негіздемелер бойынша бас тартылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

11. Тұтынушыдан мемлекеттік қызметті алу үшін өтінішті алған сәттен

бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін тапсырған сәтке дейін мемлекеттік қызметті кәрсету кезеңдері:

- 1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш береді;
- 2) уәкілетті орган өтінішті тіркейді, тұтынушыдан ұсынылған құжаттарды қарастыруды жүзеге асырады, хабарламаны ресімдейді немесе бас тарту туралы уәждеденген жауапты, мемлекеттік қызметті кәрсету нәтижесін тұтынушыға тапсырады.

12. Уәкілетті органдағы мемлекеттік қызметті кәрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалар санының ең төмен саны бір қызметкерді құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет кәрсету барысындағы іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Тұтынушы қажетті құжаттардың барлығын уәкілетті органға тапсырғаннан кейін тіркелген және тұтынушының мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні кәрсетілген талон беріледі.

Санаторийлік-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу (ресімдеуден бас тарту) туралы хабарламаны беру және жеткізу тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға тұтынушының өзі келгенде, сондай-ақ пошталық хабарлама арқылы жүзеге асырылады.

14. Тұтынушы мемлекеттік қызмет алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін, әлеуметтік жеке кодының нөмірін (болса, жеке сәйкестендіру нөмірін) көрсете отырып осы Регламентке 4-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) мүгедек балалар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін және оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) денсаулық сақтау ұйымы берген санаторлық-курорттық картасының көшірмесін;
- 5) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекен-жай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);
- 6) мүгедектігі туралы анықтамадан үзінді көшірме және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме;
- 7) мүгедектің жазбаша келісімімен басқа адам өтініш беретін кезде – оның жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі.

Құжаттардың көшірмелері мен салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары

беріледі, кейін құжаттардың түпнұсқалары тұтынушыға қайтарылады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер қатысады (бұдан әрі – ҚФБ):

- 1) уәкілетті органның басшылығы;
- 2) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

16. Әр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) кезектілігі мен өзара әрекет етуінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттің қисынды кезектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты айғақтайтын сызба осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Уәкілетті органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды адам) мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызметті көрсетуді жүзеге асыруға жауапты.

5. Жұмыс қағидаттары

19. Лауазымды адамның қызметі Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында көзделген адамның конституциялық құқықтарының сақталуына негізделеді және заңдылық, сыпайылық, толыққанды ақпараттың берілуін, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, қызметтік міндетіне адал қарамағаны үшін жауапты болу қағидаттарында жүзеге асырылады.

6. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағымды дайындауға жәрдемдесетін мемлекеттік органның атауы, олардың заңды мекен-жайлары, телефон нөмірлері, электронды поштасының мекен-жайлары осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

21. Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда шағым аталған мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жауапты, Атырау облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бастығы атына беріледі. Жұмыс кестесі: демалыс (сенбі, жексенбі)

және мереке күндерін қоспағанда, 13-00-ден 14-00-ге дейінгі түскі үзіліспен, күн сайын 9-00-ден бастап 18-00-ге дейін, электронды пошта atyrau@enbek.kz, тел: / 87122/32-22-28 Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 31А мекен-жайында орналасқан.

22. Қызмет дәрежі көрсетілген жағдайларда шағым кабинет нөмірі уәкілетті органның стендісінде көрсетілген, уәкілетті органның жұмыс кестесі мен электронды пошта мекен-жайлары осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген лауазымды адамның атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге мүмкін.

24. Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекен-жайы көрсетіледі. Шағымға тұтынушының қолы қойылуға тиіс. Шағым берілгенде қызметіне шағым жасалатын органның атауы немесе лауазымды адам, өтініш беру және талап ету себептері көрсетіледі.

25. Жазбаша шағым берген тұтынушыға берілген шағымға жауап алуға болатын күні және уақыты, шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамның байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

"Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша уәкілетті органдардың тізбесі

Р/с №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасқан заңды мекен-жайы (қала, аудан, көше, үйдің (пәтердің) №, электронды поштаның мекен-жайы)	Телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1	Атырау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Атырау қаласы, Шәріпов көшесі, 4 zanayt@mail.ru	8-7122 45-02 -00 45-04-67 45-04-68	Демалыс және мер күндерін қоспағ аптасына бес күн сағат бастап 18-00 дейін, т үзіліс сағат 13-00 баст -00 дейін
2	Жылыой ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов көшесі, 1 zhylyoi-zhumyskz@mail.ru	8-71237 4-86 -95 4-84-07	
3	Индер ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Индер ауданы, Индербор кенті, Қонаев көшесі, 16 inderzan@mail.ru	8-71234 2-14 -60 2-04-76	
4	Исатай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Ынтымақ көшесі, 23 isatai_raisobes@mail.kz	8-71231 2-06 -42 2-05-65	
1	2	3	4	5

5	Қызылқоға ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Мәмедов көшесі, 1 gulfaruz@mail.ru	8-71238 2-15 -43 2-19-812-12-29	
6	Құрманғазы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Құрманғазы ауданы, Ганюшкин ауылы, Болашақ көшесі, 15 otdzisp@mail.ru	8-71233 2-51 -45 2-53-87	Демалыс және мер күндерін қоспағанд аптасына бес күн сағат бастап 18-00 дейін, т үзіліс сағат 13-00 баста 00 дейін
7	Мақат ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Мақат ауданы, Мақат кенті, Орталық алаң, 2 tolkin_makat@mail.ru	8-71239 3-02 -98 3-20-99 3-01-46	
8	Махамбет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Жеңістің 50 жылдығы Көшесі, 18 Mahambet_Zan@mail.ru	8-71236 2-12 -98 2-19-93 2-18-25	

"Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

Әр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ-ның әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімнің) кезектілігі мен өзара әрекет етуінің мәтіндік-кестелік сипаттамасы

1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеті			
Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	Уәкілетті органның басшылығы	Уәкілетті органның орындаушысы жауа
Әрекеттің (үрдістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді асыру, бас тарту туралы уәждем жауап әзірлеу не хабарлама ресімдеу
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ететін шешім)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама қою, жауапты орындаушыға жіберу	Құжаттарды басшылыққа тапсыру
Орындау мерзімдері	15 минут	15 минут	Он жұмыс күні ішінде

Келесі әрекеттің нөмірі	1	2	3
-------------------------	---	---	---

кестенің жалғасы:

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеті			
Әрекет барысының, ағынының) №	4	5	
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшылығы	Уәкілетті органның	жауапты орындаушысы
Әрекеттің (үрдістің, рәсімдердің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хат-хабармен танысу		Хабарламаны кітабы тіркеу, бас тарту туралы уәждеделген жауапты негізгі хабарламаны тұтынушыға тапсыру
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық шешім) ететін	Құжатқа қол қою		Хабарламаны немесе дәлел бас тартуды тұтынушыға тапсыру
Орындау мерзімдері	15 минут	Бір жұмыс күні ішінде	
Келесі әрекеттің нөмірі	4	5	

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс.

1 ҚФБ Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	2 ҚФБ Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 әрекет. Құжаттар қабылдау, қолхат (талон) беру, өтінішті тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 2 әрекет. Орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою
№ 3 әрекет. Өтінішті қарастыру, хабарламаны дайындау	№ 4 әрекет. Хабарламаға қол қою
№ 5 әрекет. Хабарламаны кітабында тіркеу	
№ 6 әрекет. Хабарламаны тұтынушыға тапсыру	

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс.

1 ҚФБ. Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	2 ҚФБ. Уәкілетті органның басшылығы
№ 1 әрекет. Құжаттар қабылдау, қолхат (талон) беру, өтінішті тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 2 әрекет. Орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою
№ 3 әрекет. Өтінішті қарастыру, бас тарту туралы уәждеделген жауапты дайындау	№ 4 әрекет. Бас тарту туралы уәждеделген жауапқа қол қою
№ 5 әрекет. Бас тарту туралы уәждеделген жауапты тұтынушыға тапсыру	

"Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға

құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

Функционалдық өзара іс-қимыл схемасы

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі		
1 ҚФБ	2 ҚФБ	1 ҚФБ
Өтінішті қабылдайды, өтінішті органның жолдайды	Кұжаттарды қарау үшін орындаушыны анықтайды	Кұжаттарды қарайды, хабарлама немесе бас та туралы уәждеген жауап әзірлейді
Мемлекеттік қызметтің нәтижесін тұтынушыға береді	Хабарлама немесе бас тарту туралы уәждеген жауапқа қол қояды	

"Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 4-қосымша

Санаторий-курорттық емделуге жолдама беру туралы ӨТІНІШ

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні _____

Мүгедектігі _____

Мекен-жайы _____

Телефоны _____

Маған санатория-курортқа емделуге бір жолдама беруді сұраймын.

Мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса беріп отырмын:

1. _____ 2

_____ 3.

_____ 4.

_____ 5.

20 _____ ж " _____"
(өтініш берушінің немесе өтініш берген адамның қолы)

Өтініш беруші ұсынған құжаттар көшірмелерінің дұрыстығын растайтын: _____

(Өтінішті қабылдаған адамның Т.А.Ө. лауазымы)

20 _____ ж. _____

(қолы)

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2012 жылғы 16 қарашадағы № 355
қаулысымен бекітілген

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2012 жылғы 16 қарашадағы № 355
қаулысына 4-қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі – Регламент) келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) уәкілетті орган – аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;
- 2) тұтынушы – жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша айқындалатын жеке тұлғалардың санаттары.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайларының тізбесі осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органмен көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

